

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ



**БЕКІТЕМІН**

**М.Әуезов атындағы  
ОҚМУ ректоры**

**Д.П.Қожамжарова**

«15» 11 2019г.

**ПАРАСАТ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ЕРЕЖЕСІ**

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1 М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің (бұдан кейін - Университет) «Парасат» басқармасының (бұдан кейін- басқарма) Ережесі 2015-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының, Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Адалдық алаңы» жобасы және «Саналы ұрпақ» жобалау кеңсесінің 2018-2020 жылдарға арналған Жарғысының негізгі бағыттарын (бұдан әрі- Бағдарлама), Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі іс-шараларын іске асыру мақсатында әзірленді.

1.2 «Парасат» басқармасы — М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің құрылымдық буын ретінде университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, алдын-алу және құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі іс-шараларының жұмысын үйлестіруші және бақылаушы болып табылады.

1.3 «Парасат» басқармасы Ғылыми Кеңесінің шешімімен және университет ректорының бұйрығымен құрылады, қайта құрылады және таратылады;

1.4 «Парасат» басқармасы тікелей университет ректорына және Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректорға (ӘЖТЖЖ) бағынады;

1.5 «Парасат» басқармасы Ережесіне өзгерісті басқарма басшысы ұсынысымен енгізеді және оны «Өзгерістерді тіркеу парағында» (Б қосымшасы) міндетті түрде көрсетеді;

1.6 Материалдық-техникалық қамтамасыз ету ҚР СТ 1158-2002 талаптарына сәйкес жасалады.

## **2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

2.1 Ереже М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің Парасат басқармасы қызметінің тәртібін, мақсаты, міндеттері мен күзiреттілігін анықтайды.

2.2 Ереже талаптары Парасат басқармасы қызметкерлеріне жұмысында басшылыққа алу үшін міндетті.

## **3. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР**

Ереже келесі нормативтік актілер мен құжаттар негізінде дайындалған:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 18.11.2015ж №410-V Заңы;

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж №319 Заңы;
- «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 26.12.2014 жылғы № 986 Жарлығы;
- М.Әуезов атындағы ОҚМУ Жарғысы;
- М.Әуезов атындағы ОҚМУдың 2019-2023 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары.

#### **4. ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІГІ**

4.1 Парасат басқармасы М.Әуезов атындағы ОҚМУдың 2019-2023 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарының, «Адалдық алаңы» жобасы мен «Саналы ұрпақ» республикалық жобалық Кеңесінің және М.Әуезов атындағы ОҚМУның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі Қоғамдық Кеңесінің жұмыс жоспары мен ұсынымдарын негізінде жұмыс жасайды.

4.2 Басқарма қызметінің бағыттары:

- сыбайлас жемқорлық көрінісінің белгілерін, ықтимал қауіп-қатерлерді анықтау саласындағы университет қызметін көрсететін үдерістерге мониторингті ұйымдастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды дайындау мен өткізуді бақылауды қамтамасыз ету;
- университеттің білім беру, тәрбие және ғылыми-зерттеу процестерінде қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялар мен механизмдерді қолдануды қамтамасыз ету;
- сыбайлас жемқорлыққа қолайлы себептер мен жағдайларды уақтылы жоюға бағытталған іс-шараларды өткізу;
- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Адалдық алаңы» жобасын университет қызметкерлері мен білім алушылары арасында ұжымда түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Саналы ұрпақ» жобалық кеңесінің ұсынымдарында қамтылған негізгі басымдықтарды университет қызметкерлері мен білім алушылары арасында ұжымда түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен ынтымақтастықты қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық ұйымдармен әріптестік қарым-қатынас құру;
- «Ізгілік елшісі» жобасы бойынша түсіндіру, ұйымдастыру, үйлестіру жұмыстарын жүзеге асыру.

4.3 Басқарма өкілеттілігі

Басқарма М.Әуезов атындағы ОҚМУ құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттерді жүзеге асыру саласындағы және

«Адалдық аланы», «Саналы ұрпақ», «Ізгілік елшісі» республикалық жобалары қызметтерін үйлестіруді жүзеге асырады.

Басқарма М.Әуезов атындағы ОҚМУ Ғылыми Кеңесінің қарауына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді, өз күзіреті шегінде ішкі нормативтік актілер жобаларын дайындауға қатысады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру әдістері мен нысандарын дамытуға қатысады, олардың жүзеге асырылуын бақылайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі Қоғамдық Кеңеспен бірге университет құрылымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әдістемесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды қарауға қатысады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында М.Әуезов атындағы ОҚМУ қызметін ұйымдастыру, жетілдіру және үйлестіру бойынша өз күзіреттілігі шегінде шешімдер қабылдайды, осы шешімдердің орындалуын қадағалайды.

## **5. БАСҚАРМА ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ КАДРЛАР**

5.1 Басқарма заңнама негізінде, М.Әуезов атындағы ОҚМУдың Жарғысына және осы Ережеге сәйкес жұмыс істейді. Басқарма басшысы университеттің Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры (ӘЖТЖ) мен Тәрбие ісі және жастар саясаты департаментінің (ТІЖС) директорына тікелей бағынады. Басқарма құрылымы мен штаты Университеттің даму саясатымен анықталатын мақсаттар мен міндеттерге сүйене отырып, осы Ережемен қарастырылған міндеттер мен функцияларды ескеріп әзірленеді.

5.2 Басқарманы ректордың бұйрығымен лауазымға тағайындалатын басшы басқарады. Басқарманың басшысы болып осы Ережеде көрсетілген басқарма басшысының лауазымы біліктілік талаптарына сәйкес келетін тұлға тағайындалады.

5.3 Басқарманың бас маманы әкімшілік-басқару персоналына жатады. Бас маман қызметіне тағайындау басқарма басшысының ұсынысы бойынша ректордың бұйрығымен жүргізіледі. Бас маман басқарма басшысына бағынады.

5.4 Басқарма қызметкерлері өздерінің кәсіби міндеттерін заңнамаға, лауазымдық нұсқаулықтарға, еңбек шартына, жұмыс берушінің актілеріне және университет деңгейінде шығарылатын өзге де актілерге сәйкес орындайды. Басқарма қызметкерлерінің санын, олардың еңбегіне ақы төлеу мөлшерін, сыйақы беру және өзге сыйақы жүйесін университет ректоры бекітеді.

## 6. БАСҚАРМА БАСШЫСЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

6.1 «Парасат» басқармасының басшысы университет басшыларының санатына жатады.

6.2 «Парасат» басқармасының басшысы лауазымына жоғары (*заң, гуманитарлық*) білімі бар, басшы лауазымдарында (*құқық қорғау, арнайы қызмет органдарында*) білім беру ұйымдарында немесе қызмет саласы бойынша 5 жылдан кем емес еңбек өтілі бар тұлға тағайындалады.

6.3 Университет Парасат басқармасының басшысы лауазымына Тәрбие ісі және әлеуметтік жұмыстар (ӘЖТЖ) жөніндегі проректордың ұсынысы бойынша ректордың бұйрығымен тағайындалады және босатылады.

6.4 «Парасат» басқармасының басшысы ӘЖТЖ жөніндегі проректоры мен Тәрбие ісі және жастар саясаты департаменті директорына бағынады.

6.5 «Парасат» басқармасының басшысы уақытша жұмыста болмаған уақытында (демалыс, сырқат және т.б.) оның міндеттерін ӘЖТЖ жөніндегі проректордың ұсынысы бойынша университет ректорының бұйрығы негізінде тағайындалған тұлға атқарады.

6.6 Лауазымдық нұсқау (ЛН) қызметкерлерге «Танысу парағына» қол қойдыру арқылы таныстырылады.

6.7 ЛН-ға өзгерісті «Парасат» басқармасының басшысы «Өзгерістерді тіркеу парағына» (Б қосымшасы) міндетті түрде белгі қою арқылы енгізеді.

## 7. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

7.1 Басқарма басшысы лауазымына жоғары (*заң, гуманитарлық*) білімі бар, басшы лауазымдарында (*құқық қорғау, арнайы қызмет органдарында*) білім беру ұйымдарында немесе қызмет саласы бойынша 5 жылдан кем емес еңбек өтілі бар тұлға тағайындалады.

### 7.2 Басқарма басшысы:

«Парасат» басқармасының басшысы университеттің сапа саласындағы саясаты мен мақсатымен танысуы қажет.

- университеттің Сапа саласындағы Саясаты мен мақсатын жүзеге асыруға және орталықтың қызметкерлеріне таныстыруға;

- сапа менеджмент жүйесі (СМЖ) талаптары мен міндеттерін орындауға;

- Қазақстан Республикасының Конституциясын;

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар туралы», «Қазақстан Республикасы жастарының мемлекеттік саясаты туралы», «Ақпаратқа қол жеткізу туралы», «Заңды және жеке тұлғалардың өтінішін қарау Тәртібі туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдармаларын және стратегиялық құжаттарын;
- М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университетінің 2019-2023 жылдарға арналған даму Стратегиясын;
- Сапа саласындағы Университеттің мақсаты мен саясатын;
- Қазақстан Республикасының Азаматтық және еңбек заңнамасын;
- Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын білу керек.

### **7.3 Лауазымдық міндеттері:**

- басқарманы жалпы басқаруды жүзеге асырады, ректордың басқарма қызметі саласы бойынша бұйрықтарының және басқа да актілерінің орындалуын қамтамасыз ету;
- басқарманың және перспективалық және ағымдағы жоспарын ұйымдастыру;
- жемқорлыққа қарсы күрес сұрақтары бойынша ректордың және университеттің алқалық органдары шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асыру;
- университетте құқық бұзушылыққа, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруды және қызмет саласындағы іс шаралар тізімін айқындау бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыру;
- сыбайлас жемқорлық көрінісіне ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерттеуге бағытталған жұмыстарды жүргізеді, оған жол бермеуге, соның ішінде құқықтық және ұйымдастыру тәсілдерін жетілдіру сұрақтары бойынша ұсыныстар дайындау;
- университет басшылығына сыбайлас жемқорлық көріністері бар ақпараттарды жинақтау және талдау негізінде оларды жою бойынша ұсыным дайындау;
- университеттің лауазымды тұлғаларынан қаралып жатқан сұрақтар бойынша ақпараттар мен түсіндірмелерді сұрату;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, алдын-алу және құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі Қоғамдық Кеңесі құрған комиссиялардың қызметін үйлестіруге көмектесу;
- «Шымкент адалдық алаңы» жобасы бойынша тиісті уәкілетті органдармен байланыс орнатып, жоба мақсатын түсіндіруге, насихаттауға және іске асыруға қатысу.

### **7.4 Құқықтары:**

Басқарма басшысының өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін мынадай құқықтары бар:

- ұйымдастыру-техникалық жағдайларды қамтамасыз ету және лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті белгіленген құжаттарды ресімдеу мәселелері бойынша университет басшылығына жүгіну;

- өз құзыреті шегінде және қызмет саласы бойынша шешімдер қабылдау, ұсыныстар енгізу;
- университет басшылығының қарауына басқарманың қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар, түсіндірме жазбалар мен ұсыныстар енгізу;
- Парасат басқармасының атынан әрекет ету, университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерімен және басқа да ұйымдармен өзара қарым-қатынаста оның мүдделерін білдіру;
- құрылымдық бөлімшелер басшыларының атына лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты мәселелер бойынша өтініштер (хабарламалар, ұсынымдар және басқа да актілер) енгізу;
- Университеттің басқа ұйымдары мен құрылымдық бөлімшелерінен және мамандардан лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты қажетті ақпарат пен құжаттарды сұрату;
- университет ректорына Парасат басқармасының қызметкерлерін тағайындау, орнын ауыстыру және лауазымдарынан босату және оларды көтермелеу туралы ұсыныспен жүгіну;
- университет ректорына тікелей бағынысты қызметкерлерді заңнамамен белгіленген тәртіпте тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тарту туралы ұсыныспен жүгіну;
- лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты бұйрықтардың, нұсқаулықтардың, сондай-ақ сметалардың, шарттардың және басқа да құжаттардың жобаларын дайындауға қатысу;
- өз құзыреті шегінде лауазымдық міндеттерді орындауға байланысты құжаттарға қол қою.

## **8. ЖАУАПКЕРШІЛІК**

8.1 «Парасат» басқармасы қызметкерлері жауапты:

- ұйымдастыру және іске асыру нәтижелері үшін;
- лауазымдық нұсқаулықтарды, ішкі нормативтік құжаттарды тиісінше орындамаған жағдайда;
- ақпараттың құпиялылығын сақтауға;
- берілген құқықтарды заңсыз пайдалану, қызметтік ақпаратты жеке мақсатта пайдаланған жағдайда;
- сенім тапсырылған материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етпеген жағдайда жауапты.

8.2 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша жауапкершілік толығымен «Парасат» басқармасы басшысына жүктеледі.

8.3 Ереженің дайындалуына, оның мазмұнына, құрылымына, жасалуының СМЖ ОҚМУ ПР 4.02-2020 сәйкес жүргізілуіне «Парасат» басқармасы басшысы жауапты.

8.4 Бекітілген Ережедегі мәліметтерді бөлім қызметкерлеріне жеткізу «Парасат» басқармасы басшысы жауапты. Ережемен танысқаны туралы жазба «Танысу парағында» рәсімделуі қажет (А қосымшасы).

8.5 Түпнұсқаға және көшірге өзгертулер енгізуге «Парасат» басқармасы басшысы жауапты.

8.6 «Парасат» басқармасы қызметкерлерінің жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықпен анықталады.

## **9. БАСҚАРМА ЕРЕЖЕСІН ӨЗГЕРТУ, ҚАЙТА ҚАРАУ ЖӘНЕ ЖӨЮ ТӘРТІБІ**

9.1 Парасат басқармасының ережесін өзгерту, қайта қарау және күшін жою бес жұмыс күні ішінде мынадай жағдайларда жүзеге асырылады: ережені жоспарлы қайта қарау кезінде (жылына 1 рет); оның бағыныстылық деңгейін қайта қарау және өзгерту кезінде; қызметті жақсарту мақсатында басшылық пен бөлімше қызметкерлерінің бастамасы бойынша қызметтің нормативтік негіздері өзгерген кезде.

9.2 Ережеге өзгерістерді енгізу тәртібі ережені келісу тәртібіне ұқсас. Өзгерістер енгізу мерзімі-бір ай.

9.3 Қолданыстағы Ереженің күшін жою Парасат басқармасы ережесінің жана редакциясын бекіту немесе басқарманы тарату кезінде жүзеге асырылады.